



***Ертеңгілік: -«Бақыт
құсы»
«Сұңқар тобы»***

***Орындаған тәрбиеші: Асанова А.Т
2023 оқу жылы***

Бақыт құсы

Жүргізуші: Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні келтеде, байлар киіп қырмызы, жарлының тоны келтеде, жердің үстінде, аспанның астында «Ер Төстік» балалар бақшасына Бақыт құсы ұшып келіпті. Бақыт құсы өмір бойы жас бүлдіршіндерді оқытып, тәрбилегенді армандапті. Осы өзінің ойлаған мақсат арманына жету үшін, Сұңқар тобының балаларымен қауышыпты. Ал құрметті қонақтар Бақыт құсы мен Сұңқар тобын қарсы алайық.

(Әдемі әуенмен балалар мен бақыт құсы кіреді)

Бақыт құсы: Сәлеметсіңдерме құрметті қонақтар! Қош келдіңіздер. Мен Бақыт құсымын, менің үлкен арманым орындалып, «Құлыншақ» тобынан «Сұңқар» тобына ауысқан бүлдіршіндермен қауыштым. Біздің ендігі жұмысымыз осы бүлдіршіндермен оқу жылы барысында санауды, жазуды әріптерді танып мектепке, аттану. Осы жұмысымызды бүгіннен бастаймыз балалар.

Амир: Не үшін бүгін?

Бақыт құсы: себебі бүгін мереке ғой. Бүгін Білім күні.

Аида: Бәсе, бүгін оң көзім қайта - қайта тартқан еді

Еламан: : Осылай әңгімелесіп тұра береміз бе?

Бақыт құсы: Құрметті қонақтар балабақша ұжымы олай болса осы балаларымыздың өнерін тамашалайық.

Алинур: Балабақша базарлы үй

Ауылдағы ажарлы үй

Күлкісі бар шуақты

Өз үйіміз сияқты

Үйреттеді мектепке

Абдулах: Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсіруде бақшамыз.

Раяна: Бұл - екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз - осы үйдің гүліміз

Біз - осы үйдің сәніміз.

Темірлан: Балабақаша үйіміз

Сені жақсы көреміз

Үлкен болып өскенде

Еске алып жүреміз

Ильвина: Мен оқушы баламын –

Оқып, білім аламын.

Балабақша- ұям, өзіңе

Арналады бал әнім.

Ән «Балабақша»

(Көңілді әуенмен ортаға Сайқымазақ кіреді)

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Бақыт құсы: сәлеметсіз, Сайқымазақ сіз біздің балабақшаға қонаққа келген боларсыз?

Сайқымазақ: Жок, мен тек қонаққа келгенім жок, балалардың білімді, ақылды екендеріне көз жеткізу үшін өзіммен бірге қызықты тапсырмаларды алып келдім. Өйткені, биыл бұл топтың балалары мектепке барады емес пе?

Бақыт құсы: натура таптыңыз біздің балалар мектеп алды даярлық тобы.

Сайқымазақ: Мен түрлі сиқырлар жасағанды жақсы көремін. Менің қолымда сиқырлы қорапша бар. Егер сиқырлы қорапшаға үрлесе, тағайын сиқырлар болады. Қане, сен үрлейікші. Балалар, сиқырлы қорапшадан нелер шықты? (Ленталар)

Ленталардың ұзындықтарын беттестіру арқылы өлшейміз..

— Ұзындықтары қандай?

— Қайсы лента ұзын? .

— Қайсысы қысқа?

— Міне біз ұзын-қысқаны салыстыру арқылы білдік.

— Мына лентаның түсі қандай?

— Енді сары мен жасыл ленталарды салыстырайық.

— Ұзындықтары қандай?

Дұрыс айтасындар, себебі екі лентаның да ұштары бірдей болып тұр. Бұларды біз «ұзындықтары бірдей» дейміз.

Сайқымазақ: Жарайсындар,керемет! Балалар енді келіндер билеп бой жазып алайық.

ФЛЕШМОБ

Сайқымазақ:Керемет!Келесі бұл тапсырма «Жұмбақсағат» деген . Мен сендерге оқияын. Ұйқымызлан оянып, бетімізді жуамыз.

Анамызға ереміз, балабақшамызға келеміз.

Бұл қай уақыт? (**Таңертен**)

Сабақты да оқимыз,серуенге де шығамыз.

Беті-қолды жуамыз, тамактанып аламыз. Бұл қай уақыт? (**Түс**)

Серуенде жүреміз, анамызды күтеміз,

«Сау болыңыз» деп апайға, үйімізге кетеміз. Бұл қай уақыт? (**Кешкі**)

Жарайсындар балалар,не деген ақылды балаларсындар.

Бақыт құсы: Құрметті Сайқымазақ біздің балалар ақылды,біз енді мектеп алды даярлық «Сұңкар »тобымыз.Сен енді бізбен калып балалардың өнерін тамашала.

Аида:Кел - кел досым даярлық тобына

Естимісің үнімді

Сауат ашып тіл дамытып

Үйренейік білімді.

Наиль:Өсті міне бойымыз

Өсті міне ойымыз

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойымыз

Амир:Такпағымды жаттаймын,

Сабағымды баптаймын.

Біздікіндей бақшаны

Ешбір жерден таппаймын.

Әркестр

Сайқымазақ: Өте керемет маған бәрі ұнап жатыр. Сіздергеше құрметті қонақтар?

Бақыт құсы: Біздің балалардың алда көрсетер өнерлері көп.

Ән «Бақытты балалық шақ»

Бақыт құсы: Құрметті қонақтар, Сайқымазақ мырза біз менің бүлдіршіндеріммен сіздерге әдемі көгершін бимен келген едік. Осы көгершіндер сияқты бір жыл бойы биіктерде самғап жүрейік.

«Көгершін» биы

Сайқымазақ: Жарайсыңдар балалар, менің сендермен қоштасатын уақтым келді. Сендерге тілейтінім оқу оқып, шамнан шырақ жағындар, зейіндерің ашылсын балапандар, бар бақытты оқудан табасындар.

Бақыт құсы: Сайқымазақ сізге көп рахмет. Біздің балалардаң өнерін көріп тамашаладыңыз. Мен бүлдіршіндеріме білімнің бастауы кітапта болғандықтан сыйлық ретінде кітап алып келген едім, соны екеуміз бірге табыстайық, қалай қарайсың.

Сайқымазақ: Әрине, табыстайық.

Бақыт құсы: Сайқымазақ енді сіз бізбен бірге «Сұңқар» тобына саяхат жасаңыз.

Балалар Бақыт құсы Сайқымазақ қоштасып шығып кетеді.

